

"Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 325 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 қыркүйекте № 7947 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 229 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 26.07.2013 № 229 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторлармен келісімшарттар жасасу кезінде инвестициялық преференцияларды беру рәсімдерін оңтайландыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Инвестицияны мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 7760 болып тіркелген, 2012 жылғы 22 тамыздағы № 280-281 (27099-27100) «Казахстанская правда» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық преференцияларды алуға өтінім нысанында:

7-тармақтың 1, 2, 4, және 5-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмесі;

2) заңды тұлға жарғысының басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмесі;»;

«4) инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді, шикізатты және (немесе) материалдарды сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін құжаттардың басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен

куәландырылған

көшірмелері;

5) инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін, құжаттардың басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмелері. Инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны өз қаражаты есебінен қаржыландырған жағдайда олардың бар екендігі туралы жазбаша растама қағаз қоса беріледі;».

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті (Е.К. Хаиров) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді және оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Исекешев